

Іс-шараларды қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға жатқызу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 674 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы N 29 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.01.18. N 29 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңының 7-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Іс-шараларды қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға жатқызу ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 1 шілдедегі

N 674 қаулысымен

бекітілген

Іс-шараларды қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға жатқызу ережесі

1. Осы Іс-шараларды қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға жатқызу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңының 7-бабына сәйкес **әзірленген.**

2. Ереже іс-шараларды қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға жатқызу бойынша жұмысты жүйелендіру және тәртіпке келтіру мақсатында әзірленген және іс-шараларды қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға жатқызу **ұғымын, өлшемдерін айқындайды.**

3. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар - қоршаған ортаны қорғауға және оның сапасын жақсартуға бағытталған технологиялық, техникалық, ұйымдастырушылық, әлеуметтік және экономикалық шаралардың кешені.

4. Іс-шара, егер ол мынадай өлшемдерге сәйкес келсе, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шараларға жатқызуға болады:

1) экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге және табиғат пен адамның үйлесімді өзара іс-қимылына бағытталған болса;

2) қоршаған ортаның (атмосфералық ауа, Жердің озон қабаты, су және жер ресурстары, жер қойнауы, жануарлар мен өсімдіктер әлемі, сондай-ақ климат) сапалық сипаттарын арттыру арқылы қоршаған орта құрауыштарының жай-күйін жақсартса;

3) экологиялық жүйенің жай-күйін тұрақтандыруға және жақсартуға, биологиялық алуантүрлілікті сақтауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және молайтуға ықпалын тигізсе;

4) қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына зиян келтіруді ескертсе және болдырмаса;

5) қоршаған ортаны қорғауға және табиғатты ұтымды пайдалануға бағытталған әдістер мен технологияларды жетілдірсе;

6) халыққа экологиялық білімді насихаттауға, экологиялық тәрбиелеуге ықпалын тигізсе.

Ереженің негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар тізбесін әзірлейді және бекітеді.